



Ақберген



Нарық – ақшалыға базар, ақшасызға назар



IT компания мен мемлекет арасында байланыс жоқ



Базардан шыққан батыр

Жаннан қымбат боларға ар.
Мен жастарға сенемін.
Маған

АҚМЕШІТ

жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 43 (372)
29 қазан, 2020 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Жаңа технологияның арқасында көп нәрсе жеңілдеді қазір. Байқасаңыз, бүгінде бұрынғыдай құшақ-құшақ құжат арқап жүрген адам аз. Көп мәселені Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы шешіліп өді. Бірақ керекті құжаттарымыздың қолға көш тиегінің де жасырудың көрегі жоқ. Себебін сұрасаңыз, естір жауабыңыз жалғыз: “базар жұмыс істемейді. Күте тұрыңыз!”.

БАЗАДА НЕГЕ МАЗА ЖОҚ?

Ерхан АҚЫН



Осындай жағдай жақында ғана өз басымнан өтті. ХҚКО-ға неке құжаттарын алуға барып, 3 мың теңгеді жарнасын төлеп, бар болғаны бір құжатты бір сағаттан аса күттім. Бір уақытта аяқ астынан база істен шығып, жаңағы төленген жарнаны қайта төлеуіме тура келді. Бұл жерде мәселе ақшада емес, негізінен үкімет салық төлеп отырған маған қарапайым ғана дүниені жасап бере алмайды деген ой келді.

Пандемия салдарынан қазір байланыс қызметіне сұраныс пен талап күшейіп отыр. Бүкіл әлем интернет арналарына салмақ артуда. Қазақстанда да трафиктің өсуіне интернет абоненттерінің белсенділігі, интернет дүкендердің тауарларына тапсырыстың артуы, жаңа абоненттердің қосылуы, видеоконтент аясының артуы, үйден онлайн жұмыс істеуге көшу және оқушылар мен студенттердің қашықтан оқуға ауысуы әсер етіп отыр. Осы факторлар сыртқы интернет трафиктің 20 пайыз көбеюіне әкеліп соқты.

Көктем мен жазда жыр болған 42500 теңгені таратқан кезде egov.kz және электрондық үкімет сервистері жиі жабылып қалатын. Бұл үкіметтік IT-жүйені құрастырып жатқан қызметкерлердің кәсіби деңгейі төмен екенін көрсетеді. Көмек сұраған 3,5 млн тұрғынның сұранысын қанағаттандыра алмаған желі алда да жақсы жұмыс істеп кете қалмауы деуге сену қиын, әрине. Қашықтан оқу барысында да әлеуметтік желінің әуесқелі белгілі болып қалды. Жүйеге жөнді қосыла алмаған ата-ана мен балалардың біраз шұлағанын да ұмытқанымыз жоқ.

Сәуір айынан бері жүргізіліп келе жатқан қашықтан оқытуда Zoom секілді шетелдік интернет ресурстары пайдаланылып отырып отыр. Осыған дейін Қазақстан интернетке қосылу жылдамдығы жағынан ТМД бойынша екінші орында деп келгенбіз. Кешегі қарбаласта «Жоңы көрсеткіш қайда қалды?» деген сұрақ туындайды. Айта кету керек, жыл соңына дейін Қазақстанда кең жолақты интернетпен бір мыңнан астам ауыл қамтамасыз етілуі тиіс еді. Кадантінге байланысты мейлменген жоспар кейінге қалуы әбден мүмкін.

Дастан АЙТБАЙ,
Classic Development директоры:

Базалық жүйедегі ақаулардың себебі әртүрлі. Жалпы компьютерлік жүйелі дефектің пайда болуына ықпал ететін бірнеше факторларға тоқталып өтсек.

Мысалы, түнде қаладағы электр желілерінде ақау болды делік. Жауапты техник-мамандар сөнген жарықты белгілі бір уақыт аралығында іске қосты. Бірақ көптеген мекемеде жаңағы үзіліс кезінде бухгалтериялық 1с бағдарламасының TCP/IP портынан ажырап кетуі, серверлік порттың динамикадан статикаға көшуі байқалады. Сондықтан да кез келген мекемедегі серверлік жүйеде УПС құрылғысымен қатар, статикалық IP адрес белгілеуге міндетті.

Серверлік жүйеден үнемдеу мақсатында мемлекеттік тапсырысқа бөлінген соманы қысқарту – тапсырыс берушінің ең үлкен қателігі. Еліміздегі ХҚКО, бухгалтериялық 1с, кері байланыс құралы ZOOM және өзгелері уақыт өткен сайын базаны жаңартып отыруға тиіс. PRI-MARIES уақытында ресми сайт бірнеше мәрте өзгеріске ұшырап, жаңа сайтқа көшіп, дауыс берушілер әуреге түсті. Жедел қызметті талап етуші қарапайым халыққа TCP/IP неден бұзылғаны маңызды емес қой. Аталған барша платформалар мен базалар серверлік жүйеде өз қызметін толыққанды атқаруы қажет. Қауіпсіздік пен ішкі функционалдарды дамыту IT мамандардың басты назарына іліксе, базаны уақытылы жаңарту, ақаулардың алдын алу мақсатында арнайы оқыту программалары қамтылса, ешқандай мәселе туындамайды.

ВАКЦИНА БӘСЕКЕСІ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК

Гүлдан ЖҰМАДИН



Вакцинасыз беймәлім дерттің беті қайтпайтыны белгілі болды. Сол үшін әлем елдері вакцинаның балама түрін жанталаса ұсынууда. Жанталаса дейтін жөніміз бар, ғалымдар тез арада сүйінші хабармен ғалымды әлемдегі келеді. Бірақ соңғы уақытта вакцина бәсекесі мемлекеттер арасындағы жарысқа айналдып кеткенге ұқсайды. Жаңадық ашулар көш басында Ресей мен Қытай тұр. Батыс елдері де бұл сынақтан қалыс қалған жоқ. Айтпақшы, вакцина дайындаудан үміткер елдер қатарында Қазақстанда.

Көпшілік тағатсыздана күткен вакцинаны табу оңай шаруа емес, ол үшін жылдар бойы зерттеу мен тәжірибенің керек екені айқын. Алайда барлық күш пен қаражаттың осы бағытта жұмсалып отырғанын ескерсек, белгісіз үмітін қыла беретіні бар. Осы орайда әлемдік зерттеулерді асықпай шолып шығуды жөн көрдік.

«Вакцинаны жыл соңына дейін тауып қаламыз» деп болжам айтқан батыс ғалымдарының әзірге сөзі мен ісі қабыспай тұр. Алдымен Оксфорд университетінің, кейін АҚШ-тың Johnson & Johnson компаниясының зерттеуінен кінерат болды. Сынақ кезінде еріктілерден «Белгісіз аурудың» байқалуы зерттеу жұмыстарын уақытша тоқтатты. Жуырда Оксфорд университеті жағдайдың реттелгенін айтып, сынақты жалғастыратынын мәлімдегенмен, ДДҰ тәжірибенің әлі де жеткілікті екенін ескертуде.

Ал Ресей ғалымдары дайындаған вакцинаны алуға осы кезге дейін 27 мемлекет келісім берген. Тағы бір айта кетерлік маңызды жай, солтүстіктегі көршілер жақында тағы бір жаңа вакцинаны тіркелгенін хабарлады. Оған қоса ел Президенті алдағы уақытта үшінші вакцинадан да жарыққа шығатынын айтқан. Үміткер вакциналардың көбеюі көңіл қуантса да, қазір бұл жағдайға күмәнмен қараушылар саны артуда. Себебі аз ғана уақытта дайындалған дүние адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін дейді зерттеушілер.

Әлемде клиникалық сынақтың үшінші кезеңіне өткен 8 өнімнің бірі саналатын қытай вакцинасы да жоғары сұранысқа ие. Жергілікті басылымдар Қытайдың шығыс өңірінде Чжэцзян провинциясындағы Иу қаласында халыққа вакцина салынып жатқанын жазған. Вакцинаның ресми тіркелмегенін ескерсек, зерттеудің нәтижелі боларына сену қиын. Бүгінде SinoVac компаниясының бұл өнімі сынақтың үшінші кезеңін Индонезия, Түркия елінде өткізуде. Зерттеу қорытындысы қараша айында шығады деп күтілуде.

Ал желтоқсан айында Түркия вирусы қарсы жаппай вакцинациялауды бастайтын болды. Мемлекет жағдайда айтқан «SinoVac» компаниясынан «Covoguard» өкілінің 5 миллион дозасын сатып алған. Мамандардың мәлімдеуінше, әзірге вакцина нәтижесі біркелкі. Сондай-ақ Түркия зерттеушілері бірнеше отандық вакцинаны да сынақтан өткізуде, жергілікті екпе наурыз-сәуір айларында шығарылуы мүмкін деген болжам бар.

Ресей мен Қытай ұсынған вакциналарды Венесуэла халқы да сынақтан өткізеді. Коронавирусқа қарсы жаппай вакцинация желтоқсаннан басталып, қаңтар айына дейін жалғасатынын ел президенті Николас Мадуро мәлімдеген. Ең алдымен вакцинация түрлі аурулардан зардан шегетін тұрғындарға, мұғалімдер, дәрігерлер мен медиктерге жүргізіледі. Содан кейін ғана бүкіл халыққа салынады.

Енді елдегі жағдайға тоқталсақ, Мамандар отандық вакцина сынақтың үшінші кезеңін келесі жылдың сәуір айында аяқтауды жоспарлап отырғанын айтады. Жуырда ДДҰ үміткер вакцина үшін клиникалық

сынақты бастауға рұқсат берген еді. Денсаулық сақтау министрінің мәлімдеуінше, 17 қарашада клиникалық сынақтың екінші кезеңі аяқталып, отандық өнімнің тиімділігі анықталады. Сондықтан Қазақстан әзірге өзге елдерде алғаш тіркелген вакциналарды сатып алуға мәжбүр. Осы кезге дейін Ресей вакцинасын алу туралы келісім жасалса, қазір еліміз Оксфорд университеті мен AstraZeneca компаниясының өніміне де қызығушылық танытуда.

Әзірге әлемде жағдай үміт пен күдіктің арасында тұрғанын ескерсек, балама вакциналардың тиімділігі жайлы деп басып айту қиын. Тіпті ДДҰ ден сау адамдар вакцинаны 2022 жылға дейін күтуді деп болжам жасауда. Өйткені дерттің емі табылса, алдымен денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, ауруға бейім ерге жастағы тұрғындар мен қосалқы сырқаты бар жандарға егіледі деген қағида бар. Сол үшін суық күзде барынша сақтанып, ауыр-мауың жолын іздеген абзал.

Хабарландыру

Ұлттық Кәсіпсіздік комитеті Шекара қызметі академиясына және Ресей Федерациясының жоғарғы әскери оқу орындарына түсетін талапкерлер 2020 жылдың 1 қарашасына дейін ҰҚК органдарына тұрғылықты мекен-жай бойынша өтініш білдіре алады. Талапкерлер запастағы әскери қызматшілер яғни әскер қатарына шақырылғандар, мектеп түлектері болуға тиіс. Байланыс телефондары: 29-60-36; 29-61-08; 29-60-33.

ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті

Baspasózge jazyly - 2020

6 айға – 2000 теңге
Газет индексі – 65425

40-11-10 телефонына хабарласып, үйден жазылуға болады.

Жастар арасында суицидология саласындағы білімді қабыптастыру, мамандарды қиын жағдайда жүрген жастарға көмек көрсетудің негізгі әдістемесін таныстыру мақсатында облыстық ЖОО студенттері мен мектеп оқушылары арасында "Мен өмірді таңдаймын!" ақпараттық-түсіндіру онлайн науқаны өтті.

МЕН ӨМІРДІ ТАҢДАЙМЫН!

Науқан "Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институты" қоғамдық қорының ұйымдастыруымен "Жастар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешені" жобасының аясында өлімді 17 өңірде өткізілуде. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша және "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" АҚ-ның қолдауымен өткізілген науқанға қақсушылар жобаның пайдалы екенін жеткізді.

Акция мен ойлағаннан да жақсы өтті. Онлайн науқанда жоба жетекшісі Маргарита Оскембаева суицидтік мінез-құлықтың алдын алу жайлы пайдалы ақпараттармен бөлісті. Ал психолог Сымбаев

Әбдірахманова бізге позитивті көңіл-күйде болудың артықшылығын айтып, ашуды басу жаттығуларын үйретті. Сондай-ақ шара аясында жастар дайындалған «Өмір» атты бейнебаян көрсетілді. Сыр мақтанышы, әлемнің төрт дүркін чемпионы, зілтемірші Илья Ильин бізге бейнеқонырау арқылы сәлем жолдап, өзінің жеңіс жолын айтып берді. Науқанды модератор, жобаның өңірдегі үйлестірушісі Майра Боранбаева жүргізді. Мотивацияға толы акция біздің әр күнімізді жақсылықпен бастауға үйретті, — дейді Қорықт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Асхат Асқарұлы.

Г. НҰРТАЙҚЫЗЫ



Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7 сынып оқушылары мен ата-аналары арасында «Зияткер отбасы» сайысы өтті. Нәтижесінде Дүйсеновтер жанұясы жеңімпаз атанды.

ЗИЯТКЕР ОТБАСЫ

Әкесі мен анасының барын қосқан интелектуалды ойынға барлығы 6 отбасылық топ қатысты. Театр бағдарламасында қашықтан қақсушылар сайыстың ережесімен алдын-ала танысты.

— Бұл онлайн оқыту жағдайында ата-аналармен жұмысты жандандыру және жанадан келген 7 сынып оқушыларына мектептің танымдық жобаларын таныстыру үшін өткізілді. Шара барысында ата-аналар түрлі сайыстарға қатысу арқылы сынып арасындағы достық қарым-қатынасты арттыра түсті, — дейді педагог-ұйымдастырушы, куратор Малика Ысхақова.

Ата-аналар 3 кезеңде бақ сынады. Викториналық сайыста ұяшықты таңдау арқылы оңай, орташа және қиын сұрақтарға жауап берді. Келесі ойында

берілген суреттер бойынша жасырылған мақал-мәтелдерді табуға тырысты. Мұнда қақсушылардың логикалық ойлау қабілеті мен нақыл сөздерді білу деңгейі бағаланды. Соңғы кезеңде топтар ұсынған әуендердің 10 секундтың ішіндегі келе, жасырылған ән мен құпай тауып бағл жинады.

— Тапсырмалар қызықты әрі көңілді болды. Зияткерлік мектебінің басқа сынып ата-аналарымен танысып, қашықтан араласқанға қуаныштымыз. Өзге отбасылар мықты болды, дегенмен, біздің жанұямыз жеңіске жетті. Осындай сайыс алдағы уақытта жиі өткізіледі деген үміттеміз, — дейді «Зияткер отбасы» атанған 7 «В» сыныбы оқушысының ата-анасы Айман Төукелова.

Таяуда «Қазақстанның еріктілері лигасының» Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Достығымыз жарасқан» атты белсенді жастарды марапаттау кеші өтті.

ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН



Аталмыш шараға бірлесіп жұмыс жасау мақсатында арнайы меморандумға қол қойған «Болашақ» университеті, Қорықт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Ақмешіт» институты және «Ақмешіт» колледжінің төрт саласы бойынша бөлім басшылары мен облыстық "Волонтерлер

фронт офисінің" 7 бағытының жетекшілері мен үздіктері арнайы қонақ ретінде шақырылды.

Қызылорда облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Бауыржан Қайырбекұлы кеш барысында қыркүйек және қазан айында үздік бағаланған жастарды алғыс хатпен марапаттады.

БАСПАСӨЗ ХАТШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН СЕМИНАР

Бүгінде жер шарының барлық түпкіріне хабар бірнеше сағат ішінде тарайтын бұл кезеңнің өң қымыз қалыптасып ақпарат болғандықтан баспасөз қызметінің мамандары журналистикада, редакция жұмысында, басылым өндірісі саласында, радио және теледидар жұмысында білікті болу қажет.



Медиа саласымен тығыз байланыс орнатып, кез келген органның қоғаммен байланысын реттеп, жұмыс жасайтын арнайы өкілдері саналатын баспасөз хатшылары маңызды рөл атқарады.

Баспасөз хатшылары мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында журналистермен тығыз байланыс орнатып, БАҚ беттерінде жарияланатын нақты мәліметтерді ұсына білу қажет.

Баспасөз қызметі мамандарының біліктілігін арттыру, білімін шыңдау бағытында облыстық ішкі саясат басқармасы «Заманауи медиа және баспасөз қызметі» тақырыбында оқыту семинар курстарын ұйымдастырды.

Семинар-тренинг санитарлық нормалар мен талаптарды сақтай отырып, 3 секцияға бөлінді. Облыстық семинар-тренингке қала, аудан әкімдіктерінің,

облыстық басқармалар мен аймақтық департаменттердің 60-ға жуық баспасөз хатшысы, өзге де ұйымдар мен мекемелердің PR менеджерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Оқыту семинарларының тренерлері «Qyzylorda» телеарнасының бас редакторы, «Үш тағын» ақпараттық-сараптама бағдарламасының жүргізушісі, «Сорос» халықаралық қорының грант иегері Айнура Тұңғышбаева, республикалық «Ұстаз мәртебесі» газеті мен «Өлімсақ» журналының бас редакторы, журналист Нұрлан Көбегенұлы, «Социум-Қызылорда» қоғамдық қорының басшысы, әлеуметтік желінін белсенді қолданушысы Ерлан Мұсаев өз тәжірибелерімен бөлісті.

Шара барысында фойеде «Сыр журналистикасының тарихы» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

ТӘРБИЕ ТАҒЫЛЫМНЫҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ



Қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжановтың төрағалығымен «Тәрбие тағылымның түп қазығы» тақырыбында кездесу өтті.

Кездесуде өскелең ұрпақтың тәрбиесі, отансүйгіштік, отбасы құндылықтары туралы мәселелер көтеріліп, қоғамдағы тағылық әрекеттің алдын-алу жолдары талқыланды. Оған Қызылорда қаласының құрметті азаматы Сәпен Аңсатов, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубай Әбішев қатысты.

Өскелең ұрпаққа білім беру жүйесі ғана емес, үйдегі ата-ана тәрбиесі аса маңызды екенін жеткізген қала әкімінің орынбасары А.Есжанов «Қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықты болдырмау — тек полицияның жұмысы» деген теріс түсініктерін арылу қажеттігіне тоқталды.

Сонымен қатар кездесу барысында қала әкімдігі тарапынан жүзеге асырылып келе жатқан Көше Fest сайысын жандандыру арқылы көше тауы берілген тұлғаларды насихаттай отырып, жас буынды отаншылдыққа, іскерлікке, жауапкершілікке тәрбиелеуге болатындығы жөнінде айтыскер ақын, М.Ералиева атындағы мәдениет үйінің директоры Нұрмат Абдоллаұлы өз ұсынысын білдірді.

Еңбекпен елге сыйлы аналарымыздың бірі «Ақ босағам» қоғамдық қорының төрайымы Меруерт Нағметқызы мен «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сарсенқұл Бәйдешқызы баланы теріс әрекеттерден сақтайтын, рухани адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта — отбасы екеніне тоқталса, облыстық жастар басқармасының басшысы Қуаныш Қуантаханұлы ата-ана өзін-өзі тәрбиелеу арқылы тәрбиелі ұрпақ өсіруіне жол ашады деді.

Қазақ қоғамында жастарға ежелден ерекше сеніммен қараған. Соның бір дәлелі, жиынды қорытындылаған жалынды жас Бекен Жамбыловтың Сыр жастарына үндеу жариялады. Ол аға буын өкілдерін жігерлендіріп, болашаққа деген сенімін арттыра түсті.

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ

Бүгінде отбасы мәселесі назардан түскен емес. Ауылдымыз тақырыпты қалалық жастар орталығының мамандары да көтерді.



Қосуі қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен қаламыздағы «Сұлтан» мешітінің бас имамы Қайырбек Отызбаев жас отбасылармен кездесті. Аталмыш шарада отбасы құндылықтары, отбасыдағы ата-ананың рөлі, ер мен әйелдің міндеттері және бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелер жайында сөз қозғалды. Қайырбек Отызбаев шара соңында кездесуге қақсушылардың сұрақтарына жауап берді.

Бекен ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ

ЖАТАҚХАНАЛАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жас Отан ЖЖК студенттердің өмір сүру деңгейінің сапасын арттыру, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап ЖОО және ТЖКБ жанындағы студенттік жатақханаларға үйілі мониторинг жүргізіліп келеді.

Мақсат — көптеген жатақханалардың санитарлық нормаларға, тұрмыстық жағдайларға сәйкес келмейтін фактілерін анықтап, оқу орындарының басшылығына ескертулерді жоюға ұсыныстар беру.

Қызылорда қаласында 3 жоғарғы оқу орны, 17 арнаулы орта білім беру ұйымдары және оларға қарасты 10 студенттік жатақхана бар.

Облыстық Жас Отан ЖЖК жанынан құрылған мобилді топ Қорықт ата атындағы ҚМУ-дің №3, №5 және Қызылорда медициналық жоғары колледжінің жатақханаларына мониторинг жұмыстарын жүргізді.

Мобилді топтың құрамында Nur Otan партиясы қалалық филиалының маманы Д.Кенжалиев, Жас Отан ЖЖК облыстық филиалының кеңесшісі А.Қахарманова, облыстық жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы С.Смайлов, қалалық жастар ресурстық орталығының директоры С.Кеншілік және жастар ұйымдарының өкілдері бар.

Айта кетейік, Қорықт ата атындағы ҚМУ-дің №3 және №5 жатақханалары 1200 орын, Қызылорда медициналық жоғары колледжінің жаңа жатақханасы 330 орынмен жасқаталған. Сондай-ақ жатақханалар асхана, медициналық пункт, душ, кітапхана, оқу залы, сыртқы спорт алаңы, тегін интернет Wi-Fi және қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың мониторинг қорытындысы бойынша 3 арнаулы орта білім беру ұйымдарының басшылығына ескертулерді жою бойынша және 1 оқу орнына жаңа жатақхана имараттын салу жөнінде ұсыныс берілген.

Енді алда жүргізілетін мониторинг нәтижесіне аналитикалық тапдау жасалып, оқу орындарының басшыларына және құзыры органдарға арнайы ұсыныс хаттар жолданады.

МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІ



Назарбаев Зияткерлік мектебінде өткен оқушылардың өзін-өзі басқару кеңесінің көшбасшысын сайлау науқанында 11 сынып оқушысы Жангерей Зинелов жеңімпаз атанды.

Биыл қашықтан ұйымдастырылған президенттік сайлауға 11 сыныптар арасынан 5 үміткер түсті. Олар: Бәйдібек Мұсаев, Ғайни Сейдулла, Әбдіғұғафар Әмірбек, Жангерей Зинелов және Қылышбай Назаров. Оқушылар өзін сайлауалды бағдарламасында мектеп өмірін жақсартуға арналған жобасы мен білім, ғылым, өнер, спорт, мәдениет және өркениет бағытында үздік идеясын ұсынды. Дауыс беру науқаны арнайы платформада өтті. Мектептің оқушылары мен ұстаздары онлайн дауыс беру арқылы өз таңдауын жасады. Нәтижесінде Жангерей Зинелов ең жоғары дауыс жинап, мектеп Президенті болды.

«Маған дауыс беріп, қолдау көрсеткен зияткерлер мен педагогтарға алғыс білдіремін. Алдағы уақытта өзін-өзі басқару кеңесі қашықтан оқыту жағдайында оқушылар арасындағы байланысты нығайту және оларды түрлі интелектуалды, танымдық жобаларға қатысуда белсенділігін арттыру бағытында жұмыс жасайды. Сондай-ақ жеке тұлғалық дамуына ықпал ететін шараларды өткізіп, спорттық, рухани және әлеуметтік бағытта өсуіне мүмкіндік беретін тематикалық кештер ұйымдастырамыз», — дейді зияткер көшбасшы.

НҰРМАН — БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ



Сырдария аудандық жастар ресурстық орталығының қолдауымен «Алғыр Ой» КЕЖЖ ұйымдастыруымен Волонтер жылына орай тұрғылықты жердегі тарихи орындарды насихаттау мақсатындағы видео-байқау өз мәресіне жетті.

Байқауға кент және ауылдық округінен «Біргеміз» жалпыұлттық жобасының «Асыл мұра» бағыты бойынша жұмыс жасап жүрген 10 жас қатысқан, тарихи ескерткіштер жайлы видеоларын таныстырды. Байқау қорытындысы бойынша Аманкелді ауылдық округі әкімі аппаратының маманы Нұрман Әбдірасилов «Қожан Қожа» тақырыбында I орын иеленді.

ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫ



Қаламызда орын алған құдық бұзушылықтар мен вандализмнің алдын алу мақсатында Қосуі қалалық жастар ресурстық орталығы және Жас Отан жастар қанаты волонтерларының ұйымдастыруымен «Аналар» аллеясында сенбілік жұмыстары жүргізілді.

Алғаш айналысатын ластану, ескерткіш жазуларының түсуі мен ойын алаңдарының істен шығуы, үрдіске айнаған сенбіліктің «Аналар» аллеясында өткізілуіне себепші болды.

Бұл шарға 50-ге жуық ерікті жас қатысып, үлес қосты.

Сенбілік соңында белсенді жастар «Қаламыздың таза болуы — біздің қолымызда!» ұранымен барша Қызылорда тұрғындарына қала тазалығын сақтауға және оны көрейтуте шақырды.

Бетті дайындаған: Мәлдір САБЫРЖАН

ІСМЕР СЫМБАТ

Ине сабақтап, тігін тігу бөрінің қолынан келеді. Ал оюмен өрнектеп, кестелеп, құрақ құрап, көрпеше тігу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Бүгінде құрақ көрпе мен көрпеше сәнге айналды. Жастық та құрақтан құралып, үйге әсемдік беріп тұрады. Мұның барлығын жинап өтіп сатып алу сәнге айналды. Қонаққа бара қалсаңыз, мамық та жұп-жұқа көрпешелерге көзін түседі. Қыз бала болған соң да ондай нәрселерді аңғармау мүмкін емес. Жақында құрбымның әпкесі көк түспен үш көрпе мен жастықтың құрағын өзі тікті. Бір күннің ішінде. Ұйқысыз өткізген түнгі еңбегі көзге ұрып тұрғандай байқалады. Жалағаштық жас Сымбат Тыныштықбай да осындай кәсіп түрін қолға алды. Ол көз көлген нәрсені тіге береді. Тапсырыс берушінің қалауына қарай, оюдың да, құрақтың да қиюын көлтіреді. Ол бүгінде «Үкілім» тігін шеберханасын ашып, той көйлегін тігумен айналысуда.



Ұзатылған қалыңдық үшін өзіне арналған той көйлегінен қымбат не бар? Оның үстіне тойдың дайындығымен жүрген ару анау-мынау нәрсеге көз салмайды. Ал қыз бала үшін – киім басты назарда. Қалыңдық көйлегінен бөлек, әшекей мен сәуекеле де маңызды. Ал тігінші қалыңдықтың бар тілегін орындайды. Сөйтіп, қазқыңа нақшатағы киім ұсынып отыр.

Сымбат – «Бастау» жобасының биылғы түлегі. Қарантинге байланысты жобаны онлайн оқыған ол «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 555 мың теңге қайтарымсыз қаражатқа қол жеткізді. Сымбат жоғары оқу орнын ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша тәмамдағанымен жастайынан тігін тігетіндіктен осы саланы таңдады. Тігіншілікті қыр-сауын меңгерісі келген жас кәсіп иесі Алматы қаласынан арнайы тігіншілік курсынан өтті. Елге келген соң кәсібі өзіннің той көйлегін тігуден бастады.

«Тігінмен кәсіби түрде айналысым келді. Жоғарғы оқу орнын бітіріп келгеннен кейін турмысым шықты. Үйде бос отырмай көсіліп айналысым келді. Қазір ұзатылатын қыздар тәрбиалан, қазқыңа нақшатағы киімдерге сұраныс өте көп. Осыны ескере отырып, киімнің толық жинағын: тақиясын, сәуекелісін, қамзолын, көйлегіне дейін тігіп жатырмын. Мұнымен шектеліп қалмай, қыз жасауын да қолға алдым. Тапсырысты әлеуметтік желі арқылы қабылдаймын», – дейді «Үкілім» тігін шеберханасының иесі Сымбат Тыныштықбай.

Бүгінде еңбек етемі деген жанға кәсіптің түрі көп. Тауарларды саудалауға да жағдай жасалған: әлеуметтік желінің қажетті түрін таңдаса жеткілікті. Бүгінгі кейіпкеріміз Сымбат та дайын өнімдерін әлеуметтік желі арқылы сағады немесе жалға береді. Жас кәсіпкердің тағы бір өнері – өз қолымен соңғы үлгідегі сөмкелерді тігеді, тоқиды. Білгенін жас қыздарға үйретуді де көздеп отыр.

«Әзірге кәсібімді үйден жүргізіп отырымын. Болшақта аудан орталығынан арнайы орын алып, кәсібімді дамытықым келеді. Мұнымен де шектелмей еліміздің өзге өңірінен филиал ашу жоспарымда бар», – дейді жалағаштық кәсіпкер.

Тігінші қыз жасауын қолға алды. Енді ұзатылған қыздар Сымбаттың қалыңдық көйлегі мен бірге жасауын да өзімен бірге ала кетпек. Сөйтіп Сымбаттың отандық өнімдері кез келген жалағаштықтың төрінен табылады.

М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚБЕРГЕН

Күн сайын жаңарып, жаңалықтармен толығып, түрленіп жатқан әлемде спорттың да жаңа атаулары, жаңа түрлерінің шығуы таңсық болмай қалады. Ақпараттың жедел алмасуы арқасында жер шарын шарлап кеткен осындай қарапайым әрі жасқа қарайтын, бала-шаға да, қарттар мен жастар да айналысатын спорт-воркаут (WORK-OUT) аталады. Бұл – ең қолжетімді, көп қаржыны қажет етпейтін, ауладағы қарапайым спорт құралдарының көмегімен негізінен өз дене саламағын дұрыс қалыпқа көлтіретін деген адамдар айналысатын спорттың түрі.



Кәсіптің кез келген түрі бар. «Кәсіпті игеру керек» деген адамға «немен айналысамын» деген сауал қорқыныш тудырмағаны абзал. Бүгінде ешбір қиындыққа мойымай, кәсібін игеріп жатқандар көп. Жаңақорған ауданындағы кәсіпкерлер сөзімізге дәлел. Олар еңбектің бейнетін көріп, жемісін жеп жүр. Өңірлік коммуникациялар қызметі өткен аптада Жаңақорған ауданына пресс-тур ұйымдастырды. Мақсат – аудандағы кәсіпкерлердің жұмысымен таныстыру. Сондай-ақ жастардың қайырымдылық ісін көпшілікке насихаттау.

ЖАҢАҚОРҒАН: БИЗНЕС ПЕН БЕРЕКЕ



Бір топ тілшілер «7 КЗ Сыр табиғаты» ЖШС шаруашылығында болды. Шаруашылықтың негізгі бағыты – жеміс-жидек көшеттерін өсіру. Жаңақорған кентіне қарасты шаруашылық 2019 жылдан бастап жеміс-жидек көшеттерін өсірумен айналысып келеді. Бүгінгі таңда осы бағытта біршама жұмыс атқарылды.

– Жеміс ағашының бірнеше түрінің көшеті дәннен отырғызылды. Қазіргі таңда бұл өскіндер бұданастару кезеңінен өткізіліп, сапалы көшеттер дайындалуда. Сонымен қатар аталған бақта жеміс ағаштарымен қоса әсем талдар мен аула гүлдерінің көптеген түрі бар. Бұданастарылған 65 000 түп жеміс ағашының көшеті (алма, алмұрт, алхоры, ерік, шабақты, шие) қазір қол жетімді бағаммен сатылымда, – дейді «7 КЗ Сыр табиғаты» ЖШС төрағасы А.Сарбасов.

Қазақ үшін мал бағу таңсық емес. Бордажылаудың да семіртіп қысқа сақтаудың да жылдарын жақсы біледі. Бүгінде қорасында қойы, сиыры жоқ адамдар сәуапқан санарлық. Ал егін шаруашылығы айтпасқа та түсінікті. Бұл да қазаққа жат тірілік емес. Себебі қазақ қай істі де орағытып алып кетеді. Дегенмен бұл жеңіл-желпі қарай салатын кәсіп түрі емес. Қиындығы өз алдына жүретін саланы меңгергендер де жетерлік. Соның бірі – Керімхан Егізбаев. Көптеген ауылдық округіне қарасты «Orda Агротехнология» шаруа қожалығы мал және егін шаруашылығымен айналысып келеді.

«Байқоңыр әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамымен бірлесіп «Orda – агротехнология» ЖШС 43500,0 млн теңгеммен қаржыландырып, 2016 жылы шаруашылыққа 150 бас ет бағытында асыл тұқымды санта-гертруда қашарлары сатып алынды. «Қазіргі таңда, «Байқоңыр әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ үлес салмағы – 25%, «Orda – агротехнология» ЖШС-і үлес салмағы – 75%. Бүгінгі күнде шаруашылықта барлығы 302 бас, оның ішінде аналығы 188 бас асыл тұқымды санта-гертруда тұқымын өсіріп, ірі қара малын асылдандырумен айналысып отырмыз», – дейді «Orda Агротехнология» ЖШС төрағасы Керімхан Егізбаев. Бір айта кетерлік, шаруашылық 10 адамды жұмыспен қамтыған.

«Балық» деген сөзді естісек, ең алдымен Арал есімізге түседі. Себебі Аралдың балықшылар аймағы екені бізмізге белгілі. «Аралдың балығы» деп те бас саудаға түсетіні аймын. Жаңақорғандағы Жаңғылдысай көліне де жылына 5-10 тонна көлемінде балық ауланады екен. «5-10 тонна көлемінде балық ауланып, облыс, ауданға сатылымға шығарылады. Алдағы уақытта жылына 1-5 млн дана шабақ шығаратын «Инкубатор шең» іске қосу жоспарлануда. Сонымен қатар осы шабақтарды өсіретін «Шабақ өсіру пилотингі» салында», – дейді «Ислам» шаруа қожалығының төрағасы Мақсат Жұмаділов.

Жаңғылдысай көлі облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы арқылы облыс әкімінің қаулысымен «Ислам» шаруа қожалығына бекітіліп берілген. Жаңғылдысай көлінің статусы 2014 жылдан бастап тауарлы көл балық шаруашылығына ауыстырылды. Бүгінгі таңда аталған көлде 1 қорықты, 1 балықшы және көл иесі тұрғындар қызмет атқарып келеді.

Сыр өңірінен барған тілшілер «Сұңқар» шаруа қожалығына да ат басын тастады. Мұнда тірілік қызу. Өзі-өзі әншейін жүрген адамды кездестіруге қиын. Бірі жылқының, енді бірі түйенің айналасында жүр. Құлмағанбет Исханов – «Сұңқар» шаруа қожалығының төрағасы. Ол 1996 жылдан бері «Сұңқар» шаруа қожалығын құрып, ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен, мал шаруашылығымен айналысуда. Қазіргі таңда қожалықта 606 бас жылқы, 577 бас мүйізді ірі қара, 302 бас түйе малы өсірілуде.

Егін егудің қандай бейнет екеніне биыл анық көзім жетті. Егін егуге барлық уақыт кетеді. Одан қалды суарып, баптап-қадағалап шөбін жулып тұрмаса тағы болмайды. Дәнді егін бастағаннан, жемісті жинап аламын дегенше қаншама жұмыстар бар. Маңдай тердің ақшаны сол кезде қатты білінеді. Содан не керек, шаруашылық деген сөзді естісек, қожалықта еңбек еткендердің бейнеті бірден көз алдына елестейді. Осындай бейнетті бастан кешіріп жүргендердің бірі – Нематилла Рүстемов. Ол «Түпскен ТШ» ЖШС-нің төрағасы. Шаруашылық 1967 жылы құрылған. Бүгінде 63 адам жұмыс істейді.

Шаруашылықтың негізгі бағыты – ауылшаруашылық дақылдарын бірегейлендіру және көбейту, тұқымын өндіру, ауылшаруашылық дақылдарының жоғары репродуктивтілігі тұқымдарын өндіріп сату. Шаруашылықта 252 гектар күздік бидай, 252 гектар жана жондық және күтімге алған 489 гектар ескі жондық дақылдарын толық жинап, 504 гектар күрші дақылдан мезеленген жоғары өнім алынууда. Қазіргі таңда келеді жылы егілетін күрші дақылдың «Маржан» сорттың 150 тонна, «Айкөк» сорттың 100 тонна тұқым дайындалады.

Жаңақорғандағы шаруашылыққа тоқталдық. Ал енді жастардың қайырымдылық ісін де басымдық берсек. Биыл Көлітөбесінен жастары үш бірдей отбасыға көмектесті. Олар баспана салу, жөндеу жұмыстарын жүргізу, сылақ пен өрлеуге атсалысты. Ал жалғызбасты анаға үй салып беру бастамасы тек ауыл жастарының қолдауымен, асартылып, бірлесіп жұмыс істеумен жүзеге асуда.

– Асраға 50-60-қа жуық жас жұмылдырылды. Белсенді 10-15 жас еді құрылыс басында жүр. Үйдің ішкі құрылысы бітті, ол кісі қазіргі таңда үйіне кірді. Дегенмен де әлі де сыртқы жұмыстары бар. Желтоқсанда толық пайдалануға береміз. Сыртқы сылағы мен майда жұмыстары қалды. Ол 10-15 күн уақыт алады. Биылдық бұл – үшінші үй. Барлығы да жалғызбасты. Бір кісіге 100 мың теңге көлемінде ақшадан көмектесті. Яғни сыртқы сылап, өткізу жұмыстары. Екінші үйге 700 мың теңге көлемінде қаржы кетті. Оған ағайындар да көмектесті. Дегенмен жастар да белсенді түрде атсалысты. Ал бұл бастама жастардың тікелей атсалысуымен, өздерінің қаржыландырумен жүзеге асып жатыр. Мұнымен тоқтал қалмасмыз анық, – дейді Көлітөбелік ақпараттық орталық ісі жөніндегі маман Мақсат Амангелдіұлы.

«Көлітөбелік жастар жалғызбасты анаға үй салып беріпті» деген жаңалық кімді болса да елге еткізетіні анық. Біз де «мынау жақсы ғой» деп қалғанымыз жасырын емес. Осылайша көлітөбелік жастардың жұмысына тәнті болдық. Бұл өзге аудандарға, ауылдағы жастарға үлгі болады деген ойдамыз. Жалпы Жаңақорғанда атқарылған қайырымдылық істер аз емес. Бұл олардың бір парсы ғана.

Мәлдір САБЫРЖАН

шұғылданатындардың саны 75 мыңнан асса, Қазақстаннан тыс жерлерде стрит воркаут спортымен 2 000 000 адам айналысады екен. Ақберген Қуанықов – Арал қаласындағы воркаутшы. Оның бұл спорт түрімен айналысып жүргеніне жақында 2 жыл толады. Саламатты өмір салтын ұстанып, бұқаралық спортты насихаттайды. Воркауттың да негізгі мақсаты – қолжетімді спорт түрлерімен айналысуға шақыру, есерткіге, шылым шегуге, ішімдік пен

интернетке тәуелділікке қарсы күрес жүргізу. – Жаттығу барысында талай рет құладым. Бірақ айтарлықтай зақым келген жоқ. Нәтижесінде, өзім жаңа жаттығу түрін ойлап таптым. Енді бұл машықты жақсылап үйреніп, үлкен жарыстарда көрсетемін. Ал қаладағы жастардың қызығушылығы өте жақсы, – дейді спортшы. – Воркауттың тез таралуы жалпыақпараттық қолжетімді болуында. Сондықтан Арал қаласында алаңдарды

салу керек, – дейді «аула атлет» Елбасы Н.Назарбаев «Әрбір Қазақстандық үшін басты қиындық – өзінің денсаулығы» деген болатын. Осыған орай, елімізде воркаут секілді бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлініп, халық денсаулығы да жақсарып келеді. Ол үшін сізге залға барудың, көп шығындардың да қажеті жоқ. Тек, жиі жүгіріп, велосипед теуіп немесе жай ғана жаяу жүрсеңіз жеткілікті.

Ерхан АҚЫН



Дәурен Жолдыбек – «Болашақ» бағдарламасының түлегі, Ұлыбританиядағы Norwich Business School магистрі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және Ұлттық банктің қаржыгер сарапшысы.

КҮН КӨРІС ДЕҢГЕЙІ КҮН КӨРУТЕ ЖЕТЕ МЕ?

Елде жарияланған төтенше жағдай салдарынан ел экономикасы да, халықтың әлеуметтік жағдайы да төмендеді. Ал статистика көрсеткіші ел экономикасында өсім байқалатынына сендіруде. Мұның қаншалықты рас екенін, одансу уақытта экономикамызда қандай өзгерістер болатыны жайында белгілі экономист Дәурен Жолдыбекпен әңгімелескен едік.



— Еліміздегі жас отбасыларға, ата-аналарға қаржылық сауаттылығын арттыру үшін қандай пайдалы кеңес берер едіңіз?

— Әр отбасы өз қаржысын үнемдеу үшін ең бастысы сауатты болу керек. Неге десеңіз, қазір қаржы алаяқтарының түрі көбейді. Олардың құйтырқы әрекетіне төтеп беруде сауатты болудың маңызы жоғары. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан аумағында белең алған «Индиго-24» деген қаржы компаниясы 1 млн берсең, 5 айдан соң 2 млн аласың деп халықты тақырға отырғызған. Осы тұста әр адам ескеруі керек нәрсе, еліміздегі қай қаржы ұйымы болса да, 50 пайыздан жоғары өсім бере алмайды. Беремін десе де сенбеу қажет. Өйткені еліміздегі екінің деңгейлі банктердің тұтынушылық несиеге үстемалысы – 30 пайыз. Яғни біздің банктер осы үстемалымен күн көреді. Нарықты қатынасты ел болғандықтан біздің барлық тұрғындардың қаржылық сауаттылығы қалыпты деңгейде болу керек. Біздің халық көбінесе қаржылық сауаттылығын аздығынан несие рәсімдеу кезінде, басқа да қаржылық шарттар жасасағанда олқылықтар жібереді. Сондықтан барлық ата-ана үйінде балаларына ақшаның қадірін, ысырапсыздыққа жол бермеуді, оны тиімді жұмсауды талқылай айтып отыру керек. Егер қаржылық сауаттылығы жоғары болса, ел тұрғындарының басында проблемалық несие мәселесі деген болмас еді.

— Теңгенің құнсыздануы мұнай бағасына тәуелді. Бұдан бөлек, теңгенің өлсіреуіне әсер ететін қандай факторлар бар?

— Мұнай бағасының көтеріліп түсуі әлемдік экономикаға қатты әсер етпейді. Тек ғана мұнай тапшы елдерге әсер етеді. Мысалы, мұнай бағасы түссе, мұнайды импорттайтын Еуропа, Қытай, Үндістан бұдан тек пайда көреді. Ал мұнайды шығарушы Қазақстан, Ресей, Тауы Шығыс елдерінің экономикасының бағалатасы құнсызданады. Яғни бұл елдердің экономикасы шикізатқа тәуелді деген сөз. Сондықтан мұнай бағасы түссе, теңгенің құнсыздануы заңдылық. Мұнайға деген тәуелділіктен арылмайынша, теңгенің құнын арттыра алмаймыз.

— Ұлттық банктің теңгені еркін айналымға жіберуінің себебі неде?

— Себебі, Н.Назарбаевтың өзі: «Еркін айналымға жіберуіміз керек, себебі теңгемізді ұстап тұру үшін 28 миллиард доллар жұмсалды» деген болатын. Ал 28 миллиард доллар аз қаражат емес. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, «ЭКСПО-2017» көрмесінің өзіне 3,5 миллиард доллар жұмсалған. Ал сол көрмені өткізу үшін біз әлеуметтік бағытты қаншама шығындарды төжедік. Сондағы қаржы – 3,5 миллиард доллар. Ал теңгемізді 1-2 жылдың көлемінде ұстап тұру үшін кеткен қаражат – 28 миллиард доллар. Ол ақшаға қаншама әлеуметтік жобаларды шешуге болатын еді.

— Қазіргідей тұрақсыз уақытта ақшаны қай валютада сақтаған жөн?

— Ақшаны төрт валютада сақтаған абзал. Атап айтар болсақ, АҚШ доллары, евро, теңге, юань. Неге бір ғана валюта емес деген сұрақ туындайды. Себебі, барлық валютаның бірден құлдырауы мүмкін емес. Бір валюта екінің бір валюталық құнсыздануы мүмкін. Мысалы, теңгенің АҚШ долларына деген сияқты. Сол кезде сіздің теңге өлсіреген жағдайда өзге валюталардағы қаржыңыз арқылы оның орнын толқтыра аласыз. Ал кәсіпкер болсаңыз, қай елдің тауарымен жұмыс жасасаның, сол елдің валютасында сақтаған абзал. Қазір халықтың банкте ақша жинауға деген ынтасы артқан. Мәселен, ҚР банктерінде халықтың жинаған 10.400.000.000.000 теңге ақшасы депозитте жатыр. Қысқасы 10,4 триллион теңге. Сол ақшаның: Халық банкте – 33,4%, Каспий банкте – 18,1%, Жилстройда – 9%, Сбербанкте – 8,4%, Банк Центр Кредитте – 5,9. Елдегі үздік 5 банк осылар. Қалғаны өзге банктерде жатыр.

— Жалпы пандемияның әсерінен ел экономикасы біршама өлсіреді. Бұл оқалықты қалпына келтірудің неден бастаған жөн?

— Ішкі нарықты өзіміз толтырып, мемлекеттендіру процесін жүргізу керек. Мұны мұнай қоры орындарынан бастаған дұрыс. Себебі мұнай бюджетке түсетін пайданың басым бөлігін құрайды. Біздегі мұнай саласында инвесторлар неге көп? Себебі мұнайдан түскен пайданың 90 пайызы солардың қалтасында кетеді. Тек 10 пайызы ғана бюджетке түседі. Бұл – өте тиімсіз. Егер біз мұнай қорларының кем дегенде 50 пайызын мемлекеттендіретін болсақ,

бюджетке келетін табыс көбейер еді. Бірақ бұл жұмысты жолға қою үшін үкіметке бірнеше бастама көтерген абзал.

— Жұырда Еңбек және халықтың әлеуметтік қорғау министрі ең төменгі жалақы мөлшерінің артапайтынын, ал күнкөріс минимумы 32 668 теңгені құрайтынын мәлімдеді. Бұл дегеніміз 32668 теңгені 1 ай өмір сүруге болады деген сөз. Бұл көрсеткіш қайдан алынған? Дамушы елдермен салыстырып айта аласыз ба?

— Еліміздегі ең төменгі жалақы 42500 теңге болса, минимумды күнкөріс деңгейі 32668 теңге. Енді осы қаржыны 55/45 пайыз көлемінде 2-ге бөлеміз. Себебі дәл осы ақшаның 55% (17968т) тамаққа кетеді. Ал 45% (14700т) коммуналдық төлемге, киім-кешек, жолжұл, мәдени орындарды аралауға жұмсау керек. Сонда 1 адамға 1 айға дәл бағана министр айтқандай, 43 затты ғрамдап алуға болады. Дәл осыны минимумды тұтыну себепті деп атайды. Бұл қаражатқа күн көру мүмкін емес. Сондықтан үкімет әлеуметтік көмек беруді алмастыра. Әлеуметтік көмек барлық елдің текірібесінде бар нәрсе. Егер әлеуметтік көмектің көлемі тым көп болып кетсе, онда ол халықты масылдыққа итермелейді. Мәселен, батыс елдерінде әлеуметтік көмек көлемі өте жоғары. Ондайда жұмыс істеп тағы біраз ақша тапқанша, істемей-ақ осы ақшаға өмір сүре берейін деген ой қалыптасады. Қазақстанды бұл дәрменмен салыстыру өлі ерте. Қоғам әлеуметтік көмекке зәру. Мемлекеттен көмек алатын адамдардың тілімі ең төменгі күнкөріс шегі бойынша есептелетін белгілі. Бірақ төменгі күнкөріс деңгейі қазіргі таңдағы өмір сүру деңгейімізге сәйкес емес. Бұл жәрдемақымен әлеуметтік проблема шешілмейді. Неге? Себебі әлі де болсын төменгі күнкөріс деңгейі нақты есептелмей жатыр. Мұның екінші жағы бар. Күнәріміз деңгейі өскен сайын айлық есептік көрсеткіш те өзгереді. Сол арқылы салық есептелетіндіктен, оны да ұлғайтады. Ертен ол тағы халықтың мойнына жүк болып түседі. Сондықтан бұл бірден шешіле салатын мәселе емес. Таяқтың екі ұшы барын ескерген жөн.

— Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Айгүл ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

НАРЫҚ – АҚШАЛЫҒА БАЗАР, АҚШАСЫЗҒА НАЗАР

«Өкім әділ болмаса, халық бұзылады, сауда әділ болмаса, нарық бұзылады». Пандемия кезінде нарықтағы азық-түлік бағасының біршама құбылғаны рас. Қарапайым халыққа 42 500 теңге әлеуметтік төлем үлестірілгенмен, жалақы жоғарыламады. Керісінше базардағы баға күрт өсті. Тұрғындардың осы наразылығына жауапты мамандар не дейді? Маңызды тақырыпты сала мамандарымен бірге талқыладық.



Жалпы дүниежүзілік экономикалық даму қарқынында жыл сайын инфляция үдерісі қайталанып келеді. Оған қоса биылғы пандемия салдарынан дүниежүзіде экономикалық даму деңгейі бәсеңдеп, біршама құлдырағаны белгілі. Осы орайда жыл басынан бергі ұлттық валютаның бағамы АҚШ долларына шаққанда 379,7 теңгенен 429,26 теңгеге ұлғайды. Мамандар сөзіне сүйенсек, бағаның өсуі карантин салдарынан, сондай-ақ жеткізілімдер тізбегінің бұзылуынан орын алған. Бұдан бөлек кейбір облыста өндірілімді тауарлар бойынша импорттық тәуелділік пайда болған.

— Бүгінде бағаның шарықтап тұрғанын жоққа шығара алмаймыз. Өріне зейнетақы уақытылы беріледі, бірақ оның жартысынан көбі азық-түлікке жұмсалады. Одан қалды дәрі-дәрмегіміз бар. Дүкенге бара қалсаңыз, қажет затыңыз қалтаны қағады. Себебі баға тым қымбаттап кеткен. Мәселен, нан бағасы – 70 теңге, жұмыртқаның бір данасы – 37 теңге. Сұйық май 2800 теңгеге қымбаттаса, сиыр еті 1800-ге, жылқы еті 2000 теңгеге өскен. Картоптың келісі – 150 теңге. Бұл – күнделікті тұрмысқа ең қажетті тағамдар. Одан өзге азық-түлік, жеміс-жидектің бағасын айтудың өзі орынсыз. Кейде бағада бақылау жоқ па деп қаласыз? Сатушылар өздігінен бағаны қол бере ме деген де ой келеді, бірақ тиісті орындар тексеру жұмыстарын жүргізеді ғой. Бағаның шарықтағаны бізге ғана емес, барлық тұрғындардың қалтасына ауыр тиеді. Көлбалапы аналардың жағдайы қалай болып жатқаны беймәлім. Оның үстіне балапар қашықтан оқып жатқан соң, ай сайын интернетке төлем жасау керек. Бағада тұрақтылық қалыптасып, халықтың жалақысы мен зейнетақы мөлшері көбейіп, керек-жарағын емін-еркін алатын күн тезірек келсе екен дейің осындайда. — дейді зейнеткер Айгүл Орыншаева.

Тұрғындардың осындай үажін естіген соң, облыстық ауылшаруашылығы бөлімінің мамандарына хабарластық. Биыл астық қоры жылдағыдан біршама көп жиналған. Бұл өнім бағасының арзандауына әсер етуі мүмкін бе? Сала мамандарына осы сауалымызды да қоса жолдадық.

— Ағымдағы жылдың 13 қазан күнгі қалыптасқан жедел статистикалық ақпаратына сәйкес, облыста әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарларының индексі 104,5%-ды құрады (ҚР – 105,4%). Облыс тұрғындарының төмен бағада азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ бағаны тұрақтандыру үшін облыс орталығында 29 әлеуметтік дүкен мен 2 әлеуметтік рынок жұмыс істейді. Мін жаз айларынан бастап Қызылорда қаласының 5 ірі сауда орынында (Мирас, Аль-Асад, Анвар, Ажар, Қызылорда-Оптомаркет) әлеуметтік бұрыш ашылып, тұрақтандыру қорының өнімдерін белгіленген бағада сату жұмыстары жүргізілді.

Қазір аймақта ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау жұмыстары толығымен аяқталды. Облыс диқандары су тапшылығына қарамастан егілген егістен жоғары өнім алды. Атап айтқанда, негізгі дақыл күріштен барлығы 551,3 мың тонна өнім жиналып, әр гектарыннан 61,8 центнерден рекордтық өнім жиналды. Дайын өнімнің өзіндік құнының қалыптасуына біршама фактор әсер етеді, оның ішінде шет мемлекеттен алынатын техникалар мен қосалқы бөлшектер, тыңайтықтардың құны, су тапшылығы, тағы басқа шығындар бар. Алайда күріш өндірушілер мен өңдеушілер тарапынан негізгі баға көтеруге себеп жоқ. — дейді азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ерхан Жайшылыұлы.

Осы кезге дейін жоғары патогенді құс тұмауынан еліміздің 7 облысында, яғни Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстанда құс өлімі жиі тіркелді. Бұл нарықтағы жұмыртқа бағасының қымбаттауына едәуір ықпал еткені рас. Қазір жұмыртқаның орташа бағасы – 37 теңге. Құс тұмауының аймақ нарығына әсерін сала мамандары келесідей түсіндірді.

— Құс тұмауының таралуы республика бойынша 6 ірі құс фабрикасының жұмысын тоқтатуға, яғни құс басының төмендеп, құс еті мен жұмыртқа бағасының қымбаттауына әкел соқтырды. Облыстағы мұндай өнімнің негізгі үлесі өзге өңірлер арқылы қалтамасыз етіледі. Статистикалық жедел ақпарат бойынша, облыста 6-13 қазан аралығында тауық жұмыртқасы 3,8%-ға жоғарылаған. Жыл сайын күздің соңғы айлары мен қыс мезгілі тауық жұмыртқасының қымбаттайтын кезеңі болып есептеледі. Сондықтан бұл жағдайды да ескеру керек. Ағымдағы жылдың 4 тоқсанына 10 дана жұмыртқа бағасының шекті мәні 377 теңге болып белгілді. Алдағы уақытта осы белгіленген шекті баға аясында жұмыс жасаймыз, — дейді Е. Ағыбаев.

«Қыс қамын жаз ойлап» дейтін халықтың азық-түлік қорын сақтайтын қойма жағдайына да алаңдайтын рас. Жалпы облыста ауыл шаруашылығы құрылымдары мен астық қабылдау кәсіпорынында астық сақтайтын 172 қойма бар. Олардың жалпы сыйымдылығы – 485 мың тонна. Сондықтан аймақ бойынша астықты сақтау жөнінде мәселе жоқ дейді мамандар. Сондай-ақ қазір облыста жеміс, көкөніс, картоп сақтайтын 9 қойма жұмыс жасап тұр, сақтау қоймасының жалпы сыйымдылығы 11,5 мың тоннаны құрайды. Аймақ жалпы жылына 80,5 мың тонна картоп тұтынады десек, сарапшылар алдағы уақытта облысқа қосымша көкөніс сақтау қоймасын салу қажет екенін айтады.

Жоғарыда облыс орталығында баға тұрақтылығы үшін 29 әлеуметтік дүкен мен 2 әлеуметтік рынок жұмыс жасап тұрғанын айттық. Бұдан бөлек 5 әлеуметтік дүкеннің құрылысы салу жоспарлануда.

— Әлеуметтік дүкеннен орташа тұрмыстың облыс тұрғындары нарықтық бағадан төмен 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік түрін ала алады. Негізінен мұнда өңірлік тұрақтандыру қорының өнімдері сатылады.

Әлеуметтік дүкендердің қызметі тұрақтандыру қорының мамандандырылған ұйымы «Байқоңыр ӘКК» АҚ-ы арқылы реттеледі. Ал мұндағы баға мемлекеттік статистика органының негізінде белгіленеді, — дейді мамандар.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

IT КОМПАНИЯ & МЕМЛЕКЕТ

АРАСЫНДА БАЙЛАНЫС ЖОҚ

Технологияларды ойлап табу арқылы адамзаттың өмір сүру деңгейі біршама жеңілдеді. Өркениетті елдер уақытты бөрінен жоғары қоятын болғандықтан, өмір сүруді жеңілдетуге арналған барлық бастамаларға қолдау көрсетеді. Сондықтан болар IT саласы мамандарына сұраныс жоғары. Сұранысқа қарай жалақысы да қомақты. Жоғары бәсекелестік орта да қалыптасып үлгерген. Ал біз әлі шетелдің дамып кеткен өнімдеріне тамсанып, "бізге өсу керек" дейтін уақыт беделінде қалып қойған сияқтымыз. Мәселен, бүгінгі өзінде IT-мамандарға жыл сайынғы қажеттілік 30 мыңнан астам адамды құрайды екен. Ал біз бұл сұранысты қаншалық қанағаттандырып жүрміз?! Жастарды бұл салаға бейімдеуде не істеу керек? Жалпы өңірдегі IT мамандардың қандай тың жаңалығы бар? Осы тақырып төңірегінде өңірдің бір топ белсенді IT мамандарынан құралған Classic Development ұйым өкілдерімен әңгімелескен едік.

CLASSIC DEVELOPMENT

Өркениетті, ғылыми, технологиясы дамыған мемлекеттердің барлығы «Цифрлық жүйеде» жұмыс жасайды. Өркениет алға жылжыған сайын адамдардың өмірін жеңілдететін техникалық машиналар, компьютерлік қауіпсіздік жүйесі, ақпараттық технология, робототехника, және IT саласы бойынша көптеген бағдарламалар қызығушылық артып сұраныс түсуде. Елімізде қалып жатқан жоқ. Дамыған 30-елдің қатарында болу үшін «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында қарқынды жұмыстар жүргізуде. «Classic Development» отандық брэндімізді қалыптастырып республикалық, халықаралық деңгейде жобалар ұсынады. «Classic Development» тікелей аударғанда – «классикалық бағдарламалау деген мағынаны білдіреді. Яғни аты айтып тұрғандай, біздің ұйым классикалық компьютерлік бағдарламаның барлық түрімен жұмыс істейді. Ұйымды бұлай атауымыздың тағы бір себебі – «классикалық бағдарламалау саласы бойынша білікті жас мамандардың бір мақсатпен бір ортада шоғырлануы себеп болды.

Ұйымның ең әйгілі жобасы «Кафка» деп аталады. Ол домени мен хостинг бар платформаларды қорғайтын антивирус есебінде жұмыс істейді. Яғни түрлі сайттарға жасалатын жакерлік шабуылдарға төтеп береді. Жобаның ерекшелігі – келген вирус өз «құсына» кері қайтып, өз-өзі жойып жібереді. Келгенге елде деп осындай жакерлік жүйеге қарсы жұмыс істейтін виртуалды антивирус жоқ. Бізге мәлім компьютер немесе нәутбукке орнатылатын Kaspersky, Dr.Web сынды антивирустар. Олар компьютердің техникалық қызметін ғана қорғайды. Ал «Кафка» сайттың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған дүние.

«Classic Development» бұл жобасын Тұңғыш Президент – Елібасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Smart Zholy бағдарламасы аясында Astana Hub орталығында қорғаған болатын. Сингапурлық инвесторлар мен тәуелсіз сарапшылар аталған жобаны 10 мың долларға бағалады. Қазір «Кафка» Сингапурдағы жекеменшік микроқаржы орталықтарының сайттарына орнатылған. «Кафка» – «Classic Development» ұйымын жаһандық IT әлеміне алып келген тұңғыш бағдарлама. Сондай-ақ Сингапурдан белек жақанда ресейлік «Яндекс» компаниясы мамандарымыздың жұмысына қызығушылық танытып, IT саласы бойынша тәжірибе алмасуға шақырды.

Ержас ТҰРСЫНБАЙ, баспасөз және жарнама бөлімі меңгерушісі

ТЫҢ ЖОБА – 4LIFE

Жұырда үлкен жобамыз толыққанды төксерістен өтіп дайын болды. Атауы «4Life» яғни өмір үшін. Бұл қазіргі заман үшін ең пайдалы жоба болатынына сенім мол. Себебі «4Life» жобасы өрттің алдын алуға немесе өрт болған жағдайда оны құбырлы органдарға дер кезінде хабарлауға көмектеседі. Жоба бойынша ғимараттағы

бақылау камералары интернетке қосылып, оның дербес IP мекен-жайы базаға тіркеледі. Жобаның алгоритмінде 5000-ға жуық жанып жатқан оттың суреті мен 3000-ға жуық видео бар. Егерде мекенде 1 км-ге өрт тұтанатын болса, жасанды интеллект базадағы оттың суреті мен қосылып тұрған камерадағы өрттің сәйкесін іздейді. Сәйкестік болған жағдайда жасанды интеллект автоматты түрде жолдан жәрдем қыламын, өрт сөндірушілерге және тағы да басқа құзырлы органға төтенше жағдайды бірден хабарлайды. Сондай-ақ сол мекемедегі өрт қауіпсіздігіне жауапты адамның телефонына өрт жайында SMS хабарлама жібереді. Осылайша, өртті дер кезінде ауыздықтауға болады. Жобаны дайындауға 7 айдай уақыт кетті. Идеяның туындауына себеп болған жағдай – Нұр-Сұлтан қаласында орын алған өрттің салдарынан 5 баланың өлімі еді. Осы оқиғадан кейін ойлана келе, осындай отандық жобаны жасадық. Өр отбасында ана мен бала саулығын қамтамасыз етуге таптырмас жоба. Бұдан бөлек, жасанды «Трансформатор» ЖШС қолдауымен «Classic Development» ұйымы мемлекеттік тапсырыс және жеке кәсіпкерлерге, халық қауіпсіздігіне арналған жобаны қолға алды. Жобаны қолдау мақсатында «Трансформатор» ЖШС-ның нормативтік актісімен бекітіліп, жүзеге асыру және дамыту мақсатында қажетті инвестиция бөлінген болатын.

«4Life» өрт қауіпсіздігіне арналған жобаны әзірлеу мақсатында: VGA SPLITTER 4 port, 24 port - TL-SG1024D (Business solution), TL-WR840N, COOLING STAND KUZO, HP Pavilion Gaming Laptop, H.264 Digital V.R. инструкторымен қатар: ASTERISK серверлік жүйесі, BAT file қосымшалары мен Swiftic софтверіне тапсырыс берілді. «4Life» жобасын алдағы уақытта мемлекеттік немесе жеке дара мекемелерге, сақтандыру компанияларына ұсынбақпыз. Қолдау тауып қызығушылық танытып жатса, «Classic Development» ұйымы бірнеше жұмыс жасауға дайын.

Әділхан РҮСТЕМБЕКОВ, директорының коммерциялық мәселелері жөніндегі орынбасары

КИБЕРНЕТИКАНЫ ӨЗІМІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ ДІЛГЕ СӨЙКЕСТЕНДІРЕМІЗ

Әлемде орын алған қарқынды өзгерістерге қарамастан өр қадамды нық басып, кемел болшаққа сенеміз. Талантты жастардың барын бір арнаға қосып, өрттің жобаларды халық және жеке кәсіп иілігіне арнағалы отырмыз. Жеке дара жоба авторлары өз қызметтері, жиған тәжірибелерін ескере келіп, инновациялық, коммерциялық проект әзірлеуді қолға алдық. Шетел практикасын бойымыздан өткізу арқылы IT және кибернетиканы өзіміздің ұлттық ділге сөйкестендіру кезеңі басталғандықтан «Classic Development» КР және Орта Азия (Сингапур), Еуропа (Мәскеу, Германия, Ұлыбритания) елдерімен тың жобалар тізбегін бастапқы кезеңнен толыққанды өнімге апаруға дайын.

«4Life» өрт қауіпсіздігіне арналған программалық қамтамасыз ету жобасын

толыққанды өнімге айналыру үшін зерттеулер мен арнайы шешімдер тәсілдері қолданылған. Жобаны өзіміз арнасына түсіруден бөлек, идентификациясын жүргізу мақсатында Евгений Демиденконың іскерлік позициясын бақылаған болатынбыз. Дүниетанымы қалыптасқан өріптегіміздің программалау әдістемесі «Classic Development» нормативіне толыққанды сәйкес келді. IT және кибернетика нарыққа өз талаптарын қоюмен қатар, талап етуші факторларын ескереді. «4Life» өрт қауіпсіздігіне арналған программалық қамтамасыз ету жобасын әзірлеген соң, тәуелсіз сарапшылар тарапынан жобалық берілген сыни бағаны күтеміз. Программаның функционалдарына «upgrading» жасап, халықаралық стандартқа сәйкес бағдарламалау – үйреншікті құбылыс.

Қоғамда IT маманы тапшы деген пікірді жиі естиміз. Осы салада жүргендіктен бұл пікірмен келіспейміз. Өйткені елімізде жас өнертапқыштар жетерлік. Алайда олар жетілдірілу жетілдіруде елден қолдау таппай шетел асып кетеді. Егерде елімізде ақпараттық жүйеде оқытын студенттерге бұл саланы теория жүзінде емес тәжірибеде үйрететін сала екені қауіпсіз, жас мамандардың қызығушылығы артар еді.

Дастан АЙТБАЙ, «Classic Development» ұйымының директоры

7 ЖЫЛДЫҚ ТАБЫС

«Кафка» антивирусын Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың қолдауымен «SmartZholy» бағдарламасы аясында Н. мен Орта Азия елдері арасындағы ақпараттық технологияларды дамыту мақсатында сингапурлық инвесторлар 10 мың АҚШ долларына бағалаған. Енді кезекте «4Life» өрт қауіпсіздігіне арналған программалық қамтамасыз ету жобасының қауіпсіздігіне арналған «Кафка» толықтырылған нұсқасында қорамалқы. Тәуелсіз сарапшыларға, оның ішінде: Wordfence Scanner, Outtera Web Malware Scan, Exploit Scanner, TAC (Theme Authenticity Checker) программалық қамтамасыз етумен 10 жылдан астам тәжірибесі бар компанияларға «4Life» жобасын нарықтық бағалауға ұсынғанбыз. Жаңартылған нұсқасын ресейлік «Корпорация Оценка» жобаны «оценки» стоимости программ для ЗВМ» нарықтағы 6 жылдық тәжірибесі, «Кафка» антивирусы аталышы «4Life» өрт қауіпсіздігі программасын қорғауын ескеріп отырмыз, алдағы 7 жылдық табыс деп бағалайды.

«4Life» программалық қамтамасыз ету жобасының жылдық бағасы «подписка на 30 порталов камер видеонаблюдения» 2 206 254 теңгеден құрайды. Аталған соманы 7 жылға көбейтіп арқылы жоғарыда көрсетілген «Корпорация Оценка» бағалауы 2 573 964 рубльді құрайды. «4Life» программалық қамтамасыз ету жобасының республика тәжірибесінде шектелмей, шет мемлекеттерімен нарықтық арнада іске жүргізу, жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз



Ержас Тұрсынбай, Дастан Айтбай, Әділхан Рүстембеков

Бүгінде «Classic Development» Қазақстанда жас болса да өздерін әлемдік аренада дәлелдеп жүрген өнертапқыштармен жұмыс істеуде. Олардың бірі – жерлесіміз Евгений Демиденко. Евгений тікұшақ жасап шығаратын Boeing компаниясына әуе кемесін техникалық және дизайндық жаңартудың жобасын ұсынды. Компания тарапынан қомақты қаржыда сатып алынып Ұлыбританияның Крэнфилд аэроғарыш университетінде одан әрі іске асырылуда. Бұл аймақтың жас өнертапқыштардың алғашқы жобасы емес. Бүгінде Classic Development осындай Евгений Демиденко, Дастан Айтбай секілді талантты жастармен цифрлық жүйе бойынша жобалар әзірлеуде.

ететін сөзсіз. Жобаны әзірлеу барысында «BOSCH» (invented for life) әлемдік бренд компаниясының инновациялық IP камерасымен танысқан болатынбыз. Алайда нарықтық тұрғыдан мекемелер мен кәсіпкерлерге тиімсіз бағаны байқадық. Мысалы, «BOSCH» (invented for life) бір ғана IP камерасының нарықтық бағасы 3 700 000 теңгеден басталады екен.

Әділхан РҮСТЕМБЕКОВ, директорының коммерциялық мәселелері жөніндегі орынбасары

ОТАНДЫҚ ЖОБАЛАР ИНВЕСТИР ІГІЛІГІНДЕ

Қазіргі таңда жасанды интеллект, Big Data салалары әлемдік драйвер бола алады. Мәселен, кезінде Жібек жолы, қазір мұнай салалары ауыз толтырып айтарлықтай жетістікке жетті. Дәл мұнай саласының орнын баспаса да, адамзат өміріне қажетті бір сала болары анық. Big Data күннен-күнге дамуда. Себебі адамдардың ақпарат алмасуы бұған себеп. Жиналған ақпаратты machine learning-ке салып, мәліметті адамзат игілігіне де, адамзатқа қарсы мақсатқа да іске асыруға болады. Бүгінде бұл салада қызмет ететін астар көп. Бірақ мемлекет бұл маман иелеріне басымдық бермеуде. Big Data кеше ғана пайда болған ұғым. Мұны қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, таксиге тапсырыс бергенде жүргізушіге ең қолыны, тез жеткізетін жолды сызып беріп, 24/7 уақыттымен жұмыс істейтін мекемелердегі камераларға түскен бейне жазбаларды белгілі ақпаратты алу, берімге белгілі е- Gov порталының қауыптан басқарылатын электронды қызметі т.б. жағдайы. Яғни Big Data жасанды интеллект

адамдардың өмірін жеңілдету функциясын атқарады. Еліміз қазір кәбінесе отандық мәселесілік, ұрандалық IT компаниялармен жұмыс істейді. Себебі, біздегі IT компаниялармен мемлекеттің арасын байланыстыратын сенімнің, қолдаудың аздығынан дер едім. Негізінде елімізде талантты жастар жетерлік. Бірақ олар жасаған еңбектерін мемлекетке ұсына алмайды. Яғни байланыстырушы орта қалыптаспаған. Цифрлі Қазақстан дегенімізбен, әркімнің қолдау азық етіп, жобалар әзірлеушісі қолдау. Содан білікті мамандардың көбісі мемлекеттің қолдауына қанағаттанбап, шетелдік инвесторларға ұсынады. Ал инвесторлар отандық жобаның атауын өзгертіп 2-3 жылдан соң өзмізге қолға қаржы сататыны қынжылтады. Сондықтан мемлекет отандық жобаларға дер кезінде қолдау көрсетпесе, IT саласының дамуы жалпы сөз қозғау ерте. Біздің нарықтағы шетелдік компаниялар бізге кедергі келтірмейді. Нарығмызда әлі игерілмеген, сұранысқа ие табысты бағыттар көп, оларда бәсекелестер аз. Сондықтан өзгірте шетелдік компаниялар отандық компаниялардың бәсекеге қабілетті болуын шындайды және серіктестік мақсаттағы тәжірибе алмасу арқылы біліктілігін арттырады. IT-саласына бар бұрған мамандарға айтарым, нарықта қандай талаптар қойылуда, не нәрсеге сұраныс бар, соны жылдам меңгеріп, сұранысқа ие маман болуға болады. Елімізде IT-компаниялардың саны артып келеді, соған байланысты мамандарға да сұраныс арта түсуде. Ал сұраныс үдесінен шыға білу де талантты жастың өз қолында.

Ержас ТҰРСЫНБАЙ, баспасөз және жарнама бөлімі меңгерушісі

P.S. IT саласындағы білікті жастардың зерттеп жүрген салалары: жасанды интеллект жүйесі, құрбелі сандық деректерді табу, программалау тілдерін сөйкестендіру сынды құрбелі ғылымның сан түрлі салаларын қамтуда. Бірақ білікті жастардың таланты бар да білікті танысы жоқтығы қол байлап тұр. Негізінде білікті де IT саласын жетілдіру жады жиі қозғалады. Бірақ екі тарапты табыстырғыш байланыс жоқ. Осы тұста тың жобалардың тізімін жасақтайтын ұйым қажет сияқты.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

Шавкат Рахмонов 1994 жылы 23 қазанда Өзбекстанның Шурчи қаласында дүниеге келген. 2011 жылы Шавкат отбасымен бірге Қазақстанға көшті. Басында қазіргі Түркістан облысында, кейін Қарағандыда тұрған. Артында Көкшетауға көшіп, сондағы "Көкше" академиясында оқыған. MMA-ге бала кезінен қызығатын ол Қазақстанға көшіп келген соң бокс, самбо және джиу-житсумен айналысқан. Нәтижесінде 2014 жылы Рахмонов MMA-ге ауысқан. Бүгінге дейін аралас жекпе-жекте 12 кездесу өткізіп, бәрін мерзімінен бұрын аяқтаған. Ал былтыр M-1 Global ұйымының чемпионы атанды. Файтер соңғы жекпе-жегі былтыр маусымда бразилиялық Тинаго Варежао Ласерредоға қарсы өткізіп, бірінші раундта жеңіске жеткен.

Шавкат Рахмонов Өзбекстанда дүниеге келген соң, аты-жөні қазақтарға ұқсас болмаған соң, жанкүйерлер оның ұлтын өзбек деп санайды. Бірақ Шавкат сұхбаттарының бірінде бұл мәселенің нүктесін қойды.

БАЗАРДАН ШЫҚҚАН БАТЫР

UFC тарихындағы алғашқы қазақстандық Шавкат Рахмонов Алекс Оливейраны жеңгеннен кейін даңқы дүниежүзін шарлады. Бір ғана Instagram парақшасына жазылушылар саны 3 есеге күрт көбейген. Рас Шавкат туралы ақпарат іздейтіндер көбейді. Ендеше 26 жастағы батырдың қызықты деректерін топтастырады.

— Өкем — қазақ, Ұлым — қазақ, Өзбекстанда тудым. Атамның аты — Рахман.

Сондықтан Өзбекстанда мені Рахмонов деп жазып қойған. Шавкат — Қазақстанда сирек



кездесетін есім. Негізінде араб есімі. Сондықтан мұнда "ұлым қандай?" деген сұрақ

көп қойылады. Екіншісі соны сұрайды. Мені өзбек не тәжік деп ойлайды. Бірақ мен қазақ екенімді айтамын, — дейді Шавкат.

Рахмонов Қазақстанға көшіп келген уақытында тіл білмегенін және базарда қара жұмысшы болып істегенін айтады. — Базарда жұқ тасушы болып жұмыс істедім. Отбасымыз — қарапайым. Қазақстанға келген кезде тіл білмеді. Түрлі жерде жұмыс істеуге тура келді. Кез келген жұмысты алдық. Базарда екі-үш жылдай жүрдім. Сол уақытта жаттығуға да баратынымын. Жұмыстан келемін де, киімдерімді алып, жаттығуға кететінмін. Кейде бір күнде екі жаттығу болатын. Бокс пен самбо, — дейді Файтер.

Спортшы үйленген, бүгінде Жасмин есімді қыз тәрбиелеп отыр. Сұхбаттарының бірінде тағы бір сәби күтіп жүргенін айтқан.

Шавкат Рахмонов — Instagram желісінде белсенді. Бүгінде оның парақшасына 160 мың адам жазылған.

КӘСІПҚОЙ БОКСҚА АУЫСТЫ

Әуесқой бокста ел мерейін асқақтатып жүрген былғары қолғап шеберлері кәсіпқой бокста да бақ сынап көрмек. 31 қазанда бокстан Қазақстан командасының мүшелері, әлем чемпионы Бекзат Нұрдаулетов пен әлем біріншілігінің қола жүлдегері Абылайхан Жүсіпов шаршы алаңға шығады. Бапкерлер індет кезінде спортшыларды бабында ұстап, олимпиада ойындарына дейін тыңғылықты дайындау үшін осындай қадамға барды.



Иә, қыр астында Токио Олимпиадасы. Өне-міне дегенше төрт құрлықтың маңызды додасы басталады. Еліміздің атынан боксшылар байрақты бәсекеге толық құрамда қатысады. Бұл отандық спорт жанкүйерлері үшін қуанышты жаңалық болды. Әлемдік жарыс алдында саңлақтарымыз қосымша тағы бір сынақтан өтіп, шеберлігін шыңдауды дұрыс санайды.

SULEIMEN Promotions компаниясы ұйымдастыратын бокс кеші Атырау қаласында өтеді. Бұл шоуға шетелдік және қазақстандық боксшылар сыңға түседі. Көрерменсіз өтетін бокс кеші «Хабар» арнасынан тікелей эфирде көрсетіледі. Бұл кеште Бек Нұрмағанбет, Евгений Павлов та өнер көрсетеді, ал Данил Семенов кәсіпқой рингтегі бірінші жекпе-жегі өткізеді.

Бүгінде боксшылар дайындықпен Алматы қаласында тысықтап жатыр. Қос дебютант та таныпайлықтармен жудырықтасады. Абылайханның қарсыласы Мешак Мванкема, Бекзаттың қарсыласы Ибрагим Мамокада да тәжірибелі боксшылар. Дегенмен біздің боксшылар мұнайлы астанда өтетін бокс кешінде жанкүйерлерге қуаныш сыйлау үшін барын

салатынын жеткізді.

— Біз жарысты ғана емес, оқу жаттығу жиындарын да сағындық. Пандемия спортшылардың алаңсыз жаттығуына біраз уақыт кедергі келтірді. Жағдай тұрақтап алғаннан кейін қайтадан жаттығуымызға кірістік. Өйткені алда маңызды жарыстар бар. Ал ең негізгісі біз үшін Токио Олимпиадасы екенін жақсы білесіздер. Соған қызу дайындықты бастап кеттік. Маған артылған сенімнің қаншалықты ауыр екенін білемін. Тек 69 келі емес, барлық салмақ бойынша артымыздан еріп келе жатқан мықты боксшылар көп. Яғни, бұл спорт түрінен елімізде бәсекелестік өте жоғары. Сондықтан бізге еш босаңсуға болмайды, — дейді Абылайхан.

Өз кезегінде Бекзат та бабында екенін, бас бапкердің барлық тапсырмасын орындап жатқанын тілге тиек етті.

Бас бапкер Ғалымбек Кенжебаев ағамызбен де, өзімдіздің жеке бапкер Марат Жәкиев ағаймен де дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Қос бапкермен жаттығу кері әсерін тигізеді деп ойламаймын. Қайта бұл біз үшін пайдалы болады. Алдағы олимпиадада алдымызға үлкен мақсат қойып отырмыз. Сондықтан дайындықты

да арттыра түсуіміз керек, — дейді ол.

Ал бокстан Қазақстан құрамасының бас бапкері Ғалымбек Кенжебаев екі боксшыдан көп үміт күтетінін айтады.

— Жуырда екі боксшымыз кәсіби түрде сыңға түседі. Промоутерлік компания Бекзат пен Абылайханды таңдап алды. Басқа команда мүшелері де назардан тыс қалған жоқ. Бірақ қарсыластар мәселесі туындаған соң таңдау осы екі боксшыға түсті. Мұндағы біздің басты мақсатымыз — спортшыларды Токио Олимпиадасына дейін бабында ұстау. Әлемдік пандемия бізге үлкен кедергі келтірді. Олимпиадаға толық құраммен жолдама алсақ та, індет салдарынан сегіз айдан бері ешқандай жарысқа қатыса алмай отырмыз. Ал боксшыларға жарыс тәжірибесі қажет. Сол үшін осындай қадамға бардық. Спортшылар кәсіби боксқа түбегейлі ауысып кеткен жоқ. Дүбірлі додаға дайындықты күшейту үшін бұл ұсынысқа келістік. Қарсыластар туралы нақты мәлімет айта алмаймын. Өрине, танымал спортшылар болмайтыны анық. Өзірге жекпе-жектің қанша раундқа созылатыны туралы нақты келісілмеді. Біз 6-8 раундтық кездесу өтеді деп жоспарлап отырмыз, — деп жауап берді бас бапкер.

ҚОРЖЫН БОС ҚАЙТТЫ

Мажарстанның бас шаһары — Будапеште дэюодан Grand Slam турнирі өз мересіне жетті. Ерлер арасындағы сайыста Ресей құрамасына тең келер команда табылмады.



Будапеште сарапқа салынған жеті бас жүлденің бесеуін ресейліктер иеленді. Олар — Яго Абуладзе (60 келі), Абдулла Абдулжалилов (66 келі), Михаил Иглыников (90 келі), Нияз Ильясов (100 келі) және Инал Тасоев (+100 келі). Қалған қос алтынды эзирбайжандық Рустам

Оруджев (73 келі) пен түркиялық Вадат Әлбайрақ (81 келі) олжалады. Әйелдер сайысына Францияның өкілдері — Амандин Бюшар (52 келі) мен Одри Чемео (78 келі) қарсылас шақ келтірмеді. Сондай-ақ косовалық Дистрия Красники (48 келі), канадалық Джессика

Климкайт (57 келі), словениялық Тина Трестняк (63 келі), ховатиялық Барбара Матич (70 келі) және түркиялық Сайит Кайра (+78 келі) алтыннан алқа тағынды. Өкінішке қарай, осы жарысқа қатысқан Қазақстанның барлық балуандары тегістей ұтылды.

«РЕАЛДЫҢ» МЕРЕҢІ ҮСТЕМ

Өткен аптада футбол фанаттары қақ жарылды. Мұндай жағдай жылына бір мәрте орын алады. Биыл бұл сәтті қазанның 24-інде тамашаладық. Өңіміздің биыбы «Барса» мен «Реалға» қатысты. Қос алыпты ойынын миллиардтаған жанкүйер тағатсыздана күтеді. Сонымен былтың қызығы реалдықтарға тиесілі болды,



Матч басталысымен Месси бастаған алаң иелері қарсылас қақпасын тоғуындай бастады. Дегенмен алғашқы соққыны қонақтар жасады. Қартайған Букетотен басыл озып, Бенземадан пас алған Вальверденің алыс тоғыздыққа бағыттаған добы таблодағы есепті бірден өзгертті. Алаң иелері де қарап қалмады. Месси Жорди Альбаның қапталына қарсыластар бойынан асыра лақтырған керемет пасын испаниялық шабуылшы, Ансу Фатидің аяғына дәл берді. Бірінен соң екінші рекордты жаңартудан халықпайтын жас жігіт бұл "желпасты" (прострел) алыс бұрысқа бағыттай салды. 8 минута бір бір

голдан салып алған қос команда ойынның алғашқы жартысын осы есеппен аяқтады. Мессидің бітіспес қарсыласы Рамосты айып алаңы кезінде боғатенген өткеніндей әдемі алдап, бағыттаған соққысынан басқа қауіпті сәт бұл таймда бола қоймады. Екінші таймда каталондықтардың допты сәл көп ұстағаны болмаса, ойын тең дәрежеде өтіп жатты. 10 минуттан соң "Барселонаның" орталық қорғаушысы Серхио Рамостың жейдесінен қайта-қайта тартқылап, нәтижесінде өз қақпасына пенальти алып келді. Рамос болса 11 метрден мұлт кетпеді. Нету доптың бағытын дұрыс тапқанымен,

қолы жетіңіремеді. Бұдан кейін Қуан жаттықтыратын жігіттер шабуылдан бақты, бірақ ол нәтиже бермеді. Ойынның соңғы он минуттарында "Реал" қақпасы допты қолымен қауіпті шабуыл ұйымдастырды. Тони Кростың соққысына "Барса" қақпасының лайықты тойтарыс бере білді. Алайда матчтың соңғы минуттарында бразилиялық қақпасы допты қолымен сәтсіз қағып, Модричтің аяғына салып берді. Хорватиялық алтын доп иегері аспай-саспай, қақпашыны бір-екі секіріп, бос қақпаға допты деп тенті. Осылайша, Зиданның командасы "Камп Ноуды" кездесуді сәтті аяқтады.

Соңы. Басы өткен саңда

ТӨУЕКЕЛ

— Ауылда балық болғанмен, тәртіп солай болған соң, амал жоқ, Ақтабе жаққа қоныс аударды. Ақтөбе жастар, Арағали Демеуов деген кісі бар, әйтеуір жан-жақтан жиналып, Аралдан алты бригада жолға шыққанбыз. Жазғытұрым уақыт, сондай бір жаймашуақ күні су қатты тасыды. Негізгі баратын жеріміз Ырғыз ауданына қарайтын Байтақ жері, бірақ ол жаққа қарай жол қатынасы әлдеқашан үзілген. Су тасып жатыр ғой енді... Содан Қаракеп деген совхозға тоқтап, сонда біраз күн аялады. Сырттан екептер ас жоқ, я су жоқ. Тек өзіміздің алып бара жатқан азық-түлігімізді талғажау етіп жатырмыз. Елдің маңайын түгел су алып кеткен. Еш амал болмағасын ауылдың маңайын К-700 тракторымен дамбылап жатыр екен. Сондай бір абыржу күні ұзын бойлы, ақшыл өңді көлген кісі бригадаларды аралап жүрді. Ол уақытта мен бригадир емеспін. Қалабаев Дүйшенбінің депутат болып тұрған кезі ғой. Сол Дүйшенкемен әңгімелесіп, «ауылдағы малшылар суға кетіп жатыр, пәлен күн болды азық-түлігі барған жоқ. Жол жағдайының түрі мынау. Маған сол жаққа баратын адам тауып бер» деп жайын айтқан ғой. Содан Дүйшенке мені сурастырыпты. Ол уақытта жаспыз, еш нәрсені қаперге алмай күн ішінде демалып жатқанбыз. Әуелде маған келіп:

— Күнтуған-ау, саған бір өтініш бар. Мына ағаш (қазар атын ұмытып қалдым) совхоздың директоры екен. Бізге көмек жаса деп жатыр.

— Не көмек керек екен? — деймін орыннан атып тұрып.

— Қайықпен малшы ауылға продуктты апарып беру керек екен. — Ау, мен жол білмеймін ғой... Мәселені жай-жапсарын білген соң, аяқ асты жолға шығатын болдық. Қасыңа жол білетін екі тәуір жігіт беремін деді жаңағы директор. Содан моторлық қайыққа үн бар, шай-шөкери бар әйтеуір қолда бір дүниенің бәрін салды дейсің...

Мен моторды от алдырдым, ана екеуі жөн сілтеді. Содан жүріп келе жатырмыз. Ол жақта адамдар моторлық қайық минбейді, рабайда біреуі болмаса көбі теңіз бетінде томдаран



БАЛЫҚШЫНЫҢ ӘНГІМЕСІ

істелген «жаман» қайықпен жүре береді. Ау қарап жатыр ма, алде салып жатыр ма білмеймін, бір балықшының тұсынан өте шықты. «Енді мына жермен жүресің» деді қасымдағы екеуі. Қарасам жаңағы жерде су сарқырап алып жатыр. Нағыз тар, қысқа түс екен ғой... Ағыс дегенді айта, түрі жаман. Содан «төуекел» деп қайықты ағысқа туралап салдым. Алға бір жүрсеіш... Кітті жылжиды, қайта кейін кетеді. Ай, сол жерде жарты сағаттай айналдым-ау... Қайта ар жағы кең екен, оңай шығып кеттім. Содан тоқтаусыз жүріп келе жатырмыз. Су шамамен аттың сауырынан келеді. Бір уақытта алыстан шопандардың қара үйі де көрінді. Неше күн бойы продукт жоқ, барайын десе жол қатынасы үзілген. Қайықтың дауысын естіген бойда бізге қарай атпен келе жатыр екен ғой. Шыдамы таусылған шопан кішкентай балаларды алдына салып, қайыққа қарай беттеп келеді. Содан «үй қайда?» деп жөн сұрады. Тасыған сумен бірге ығып кеткен ғой үйдің бәрі. Көрге-төсек дегенің киіз үйдің төбесінде жүр. Жақын маңнан



қара жер көрінбейді. Аз уақыт жағдай сұрасан соң, қайық толы продуктті екі жігіт бөліп таратуға кірісті. Осылай бес-алты үйге бардық. Айтпақшы, бірінші үйден шыға берген уақытта суда ығып жүрген бесікті көзім шалған. Көзімді бапаланы бесіп, Сөйтсем жаңағы шопанның үйінің екен ғой. Қайтып барып, апарып берсем, неше күннен бері таба алмай жүр едік деп қуанып жатыр. Шөптің

арасынан байқамаған-ау, сіре?! Содан күн батқанша қолда бар продуктті тараттық. Қас қарайды. Бәріне жеткізіп, «ал қайтайық» деп жолға шықтық. Кешкі салқын, қасымдағы екеуі қайықтың ұлтанына етпеттеп жатып алған. Жолды қолмен сілттеп көрсетеді, артық тіл жоқ.

Қайтарда ыққа қарай жүрген соң бағанағы сарқырамадан ау етіп өте шықты. Енді бір қарасам, алдымызда адамдар суға прожектор салып жатыр. Судың бетіне жарқылдап, ойқастап түскен жарықты көріп, «Ойбай-ау, ауылды су алып кеткеннен сау ма?» деймін. Басыма келген алғашқы ой сол болды енді. «Мынау не свет?» деп ана екеуіне айқайлаймын, оларда үн жоқ, тоған ғой әбден. Содан күндіз шыққан жерімді білем, бардым да бірден жиекке тоқтадым. Жиекке шықсам топан адам жиналып қалыпты, мотордың даусын естіген ғой. Жиек тастай қараңғы. Ол уақытта фонар деген атымен жоқ. «Оу, бұл не, аманшылық па?» деді қайықтан түсе сала. Менің аяғымда резеңке етік, ана екеуі көйлектерін қолына ұстап, дірілдеп келе жатыр. Маңағы директор алдымнан шығып:

— Айналайын-ау, келдік ба? Амансың ба? — дейді жан ұшырып. — Иә, келдім. — деймін түр түсінбей. Ана екеуінің пошымын көріп «Күнтуғаннан жандарың артық па, не мынау түрлерің?» деп сөйлеп жүр. Сөйтсем совхоз директорының бұлай қорқынуын жөні бар екен ғой. Бағана жолда кетіп бара жатып көрген балықшы кісі «олар деген күн батпай тұрып сарқырамадан аударылып кетті. Енді таппайсыңдар» деген ғой. Біз ол тұстан өтіп кеткеннен кейін бері қарай томар ма, өлген мал ма ыққан. Соны көріп ана кісі «біздің шаруамыз сол жерде-ақ тында» деп ойлаған. Жаңағы прожекторды «тым болмаса мүдделерін табайық» деп салып жүр екен ғой.

— Тұқымың жайылыс, қайдағыны айтпай, қой. Аманбыз, — деп күліп жатырмыз.

Аман келгенімізге қуанған ғой, совхоз директоры «қой сойып жатырмын, қонақасын бар» дейді көңілденіп. Ол уақытта теңге деген жоқ, сомның кезі. Содан алғашқы айттып, қолыма 30 сом ұстатты. Қасымдағы балықшылар да маз болып жүр, қосқа келіп отыз сомды қалтамнан енді шығарғамын соң еді, «темекі аламыз» деген қуанышпен тез қарай өкетті ғой, — деп күлді Қүнтуған көке.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Кезекші редактор: Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

JULDYZ - JORAMAL

(29 қазан — 5 қараша)



ТОҚТЫ

Қасби жұмысымен қатар мойнына көп міндеттеме жүктеледі. Өзекті мес деп санаған қызмет қайта іске қосылады. Бұл аптада достар мен таныстар белсенді танылады. Сіресе телефон қоңыраулары көп болмақ. Өзгең мүддесіне бола жүгіре бермеңіз. Отбасы дәстүріне қатысты біраз шығын болады. Туыстармен қарым-қатынаста түсіністік пен қолдау табасыз. Олардан күткенге сыйлықтар аласыз. Кез келген жағдайда реттеудің сөзі түседі. Бәріне ықпалыңыз зор болады. Тағдырыңызға әсер ететін кездесулер мен қызықты адамдармен жоспарламаған кездесулер орын алады.

ТОРПАҚ

Сөзіне, ісіне сақ болып, жақын ара-ласатын адамдар арасындағы ережені бұзбауға тырысыңыз. Туысыңа немесе досына көмек көрсетуге тура келеді. Адамның аты, тегі маңызды рөл атқаратын болады. Өзіне маңызды бір дүниені іздеумен болады. Жетістікке жетеді деу қиынырақ. Бірақ жылдызда бұның өте қажет екенін ескертпей. Біраз нәрсе шешімін табады. Бұл апта ақша қайтарудың сөзі кезеңі. Бірақ ешкімге қарыз бермеңіз. Ол жағымсыз әсермен аяқталуы мүмкін. Шешім қабылдай алмай, өзіне сенім аязды, ешбір адамның көмегінен бас тартпаңыз. Бұл жерде мәселе сезімде емес.

ЕПІЗ

Жағдайлар жылдам өзгереді, қасби сапада да жаңа мүмкіндіктер туады. Бедерлі адаммен танысып, ол жоспарларыңызды жүзеге асыруға септігін тигізеді. Бұл апта — тағдырлы мақсатқа қол жеткізуде ұсақ-түйек іс-әрекеттерді меңгеру кезеңі. Аралас-құралас адамдар артады, олар әртүрлі болады. Сонымен бірге эмоция басым болмақ, қысыпталған сәттер де көп болады. Қатынасты қалың қелтіруге де біраз күш жұмсауға тура келеді. Содан аздап шаршасыз.

ШАЯН

Шешім қабылдауға белін бекем болады. Өз күшіңізге сенімдісіз. Егер сізге балама бірдене ұсынбаса, сіз батып іс-әрекетке, жылдам қимылдауға, жұмыста да, басқа жерде де төуекелге баруға дайынсыз. Бастама көтересіз, тартымдысыз, ұстанымға берісіз. Серіктестермен кездесу болады.

Қосымша қызметті де қатар алып жүре аласыз. Өз тәжірибеніңізді іске жаратып, кез келген жұмысқа белсене қатысасыз. Бұрынғы күш салған іс жемісін береді. Жағдайлар да бірден өзгереді. Қаржы жағдайы сіздің қалауыңызбен орындалады.



АРЫСТАН

Біреуді «қуып жетіп», басып озу ниеті басым. Өзгелерді басқару тегіңіз өз қолында. Бұл аптада даму мен өзгеру қуылыстарын алдыңа ала сөзеді. Сол сәттілік әкеледі. Тап қазір не істеп жатқаныңызға есеп берумен боласыз.

Бірақ бастама көтерудің тәсілін берекелі деу қиын, соған қарамастан барлық нәрседе жеңіске қол жеткізуге дайынсыз. Бұл аптада құжаттарды ретке келтіріп, маңызды құжаттарды ресімдеп, алумен айналысасыз. Келісімдер мен шарттарды ресімдеу ұзаққа созылуы ықтимал.

БИКЕШ

Жаңа жоспар құрып, жағдайға икемделіп, ақырындап іске кірісіз. Іскерлік сапада бірқатар өзгерістер болады. Бірақ бір жағымсыз тұсы, шешімді сіз емес, өзге біреулер қабылдайды. Сенімді беделді адамның болса, онда еш проблема жоқ. Пайдалы байланыс орнату, есеппен қатынас жасау маңызды рөл атқарады. Соның арқасында көбісі алға жылжиды. Бірақ арқа сүйер адамның болмаса, қиындыққа тап боласыз. Отбасында жасы кішілер үшін жауапкершілік мәселесі өзекті болмақ.



ТАРАЗЫ

Біліктілігіңізді арттырасыз. Бәрі сіздің жетістігіңізді көреді. Бірақ көреалмаушылар өте көп болмақ. Серіктес болуға, танысуға құпия ұсыныс түседі. Ийемдік өзгертетін уақыт туады. Сыртқы келбетіңізді де өзгертіңіз. Көңіл бөліңіз. Жұрт алдына шығуыңыз мүмкін. Денсаулығыңызды естен шығармаңыз. Ақша оңайлықпен келмейді. Бірақ қалтаңыз бос тұрмайды.

САРЫШАҢ

Бұл апта жаңа белеске шығатын кезең. Алға дамисыз, жолыңыз ашық, іс-әрекеттеріңіз аяқ кетпейді — осының бәрін жақсы түсінесіз. Көбісінің қасында пікірлес, жақын достары болады. Күнделікті өмір небір жұмысқа толы, тіпті

оның бәрін істеуге уақыт таба алмай қалуыңыз мүмкін. Өздігіңізбен шешетін бірқатар мәселе туады.



МЕРГЕН

Сіздің өміріңіз деген көзқарасыңызды онша ешкім түсінбейді, сондықтан біреудің баласы естіп тұяқталып, ойға берілесіз. Айналасыңызда адамдардан белкестенесіз. Сөйтіп жұртқа жұмбақ болып көрініп, тіпті қызығушылыққа ие боласыз. Кез келген келісімге қол жеткізе аласыз. Құзыреттілігіңізге қатысты бірқатар мәселеде түсіністік табасыз. Мүлікке қатысты мәселе оң шешілуі мүмкін.

ТАУЕШКІ

Ұзақ мерзімді істер басты назарға алынады. Көпшілік жөндеу, айналасың ретке келтірумен айналысады. Біраз уақытта тұрғылықты жерін ауыстыруы да мүмкін. Сізге өзіңіз бағалатын күнделікті күйең тіршіліктен тыс жағымды көңіл күйден арылмау керек. Өйтпесе жағымды эмоцияңыздан айрылып қаласыз.



СҰҚҒЫШ

Сапарға шыққанда да өте жақсы ойлар келеді. Бір уақытша серіктесіңіздің білімін көмегімен шешімін таппай жүрген сұрақтың жауабын табасыз. Бітіп таусылған нәрседен мағына іздемеңіз. Сіз жағымсыз сенесіз, сол сенімнен өмір сүресіз. Кейде бір адамның бойындағы прагматика мен романтизмге таң қаласыз. Сіз сондай күйде боласыз. Тап осының арқасында жұртқа тартымды боласыз. Қаржы мәселесі бақылауда болмақ. Бірақ тура осы кезеңде сіз ақшаның жетіспейтінін қатты сезесіз. Арқа сүйетіні ешкімнің жоқ. Сондықтан тек өзіңізге сенуге тура келеді.

БАЛЫҚТАР

Үйіңізге қонақтар келеді. Той жасауыңыз мүмкін. Белгілі бір адам өміріңізге өзгеріс әкеледі. Өмір салтын өзгертіп, өз ережеліңізді орнатасыз. Денсаулыққа көңіл бөлесіз. Таза ауада көп боласыз. Сенімді адамныңызбен серуендеп, қызықты жерге барасыз. Қысқа сапарда қажетті ақпаратқа ие боласыз.



Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8091
Тапсырыс №454